



## БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 8 тамыз

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№ 400

город Астана

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерді құру және олардың қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерді құру және олардың қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

көрсетілген бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті осы бұйрықты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Нұрбек

005108

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрінің  
2024 жылғы «8» тамызы № 400  
бұйрығына 1- қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің  
республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің құрамы**

| №<br>п/п | Лауазымы                                                                                                                                           |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.       | Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі, төраға                                                                            |
| 2.       | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы                       |
| 3.       | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары |
| 4.       | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің бас сарапшысы, хатшы;          |
| 5.       | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті басқармасының басшысы;            |
| 6.       | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстары департаментінің басшысы (келісім бойынша);                         |
| 7.       | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Білім және ғылыми қызмет басқармасының басшысы (келісім бойынша);                      |
| 8.       | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ғылыми қамтамасыз ету басқармасының басшысы (келісім бойынша);                                 |
| 9.       | Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының адами капиталды дамыту департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша);    |
| 10.      | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының директоры;                             |
| 11.      | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім беруді дамыту Ұлттық орталығы басқармасының басшысы;                    |
| 12.      | Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры;                                                                                     |
| 13.      | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры;                                                                                           |
| 14.      | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры;                                                                                  |
| 15.      | Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ректоры;                                                                       |

|     |                                                                                                               |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 16. | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры (келісім бойынша);                                      |
| 17. | Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры (келісім бойынша);                               |
| 18. | Астана медицина университеті (келісім бойынша);                                                               |
| 19. | Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры;                                                    |
| 20. | Логистика және көлік академиясының ректоры (келісім бойынша);                                                 |
| 21. | Азаматтық авиация академиясының ректоры (келісім бойынша);                                                    |
| 22. | Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры (келісім бойынша);                |
| 23. | Алматы технологиялық университетінің ректоры (келісім бойынша);                                               |
| 24. | С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ректоры (келісім бойынша)                  |
| 25. | Қазақ спорт және туризм академиясының ректоры (келісім бойынша);                                              |
| 26. | Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ректоры (келісім бойынша); |
| 27. | Қарағанды индустриялық университетінің ректоры (келісім бойынша)                                              |
| 28. | А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры;                                             |
| 29. | Ш. Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университетінің ректоры;                                 |
| 30. | Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры (келісім бойынша);                               |
| 31. | Халықаралық білім беру корпорациясының ректоры (келісім бойынша)                                              |
| 32. | М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің ректоры;                                                  |
| 33. | Торайғыров университетінің ректоры (келісім бойынша)                                                          |
| 34. | М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университетінің ректоры (келісім бойынша);                                    |
| 35. | Нархоз университетінің ректоры (келісім бойынша)                                                              |
| 36. | М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры (келісім бойынша)                               |

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрінің  
2024 жылғы «8» маусым № 400  
бұйрығына 2-қосымша

### Кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер

| Білім беру саласының коды және атауы        | Дайындық бағытының коды және атауы                                          | Оқу-әдістемелік бірлестік болып табылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы                |
|---------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6B01 -7M01 – 8D01<br>Педагогикалық ғылымдар | 011 Педагогика және психология                                              | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті                                                                              |
|                                             | 012 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы                          | Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті                                                                                     |
|                                             | 013 Пәндік мамандандырусыз мұғалімдерді (педагогтарды) даярлау              | Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті                                                                                     |
|                                             | 014 Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді (педагогтарды) даярлау | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Музыка мұғалімдерін даярлау, бейнелеу өнері және сызу мұғалімдерін даярлау) |
|                                             |                                                                             | М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау)                                  |
|                                             |                                                                             | Қазақ спорт және туризм академиясы (Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау)                                                           |
|                                             | 015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау                      | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті                                                                              |
|                                             | 016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау                        | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті                                                                              |

|                                                                     |                                                     |                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                     | 017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау | Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті                                    |
|                                                                     | 018 Әлеуметтік педагогика мамандарын даярлау        | Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті                                                                     |
|                                                                     | 019 Арнайы педагогика                               | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті                                                              |
|                                                                     | 020 Кәсіптік оқыту (бейіні бойынша)                 | С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті                                                    |
| 6B02-7M02 – 8D02<br>Өнер және гуманитарлық ғылымдар                 | 021 Өнер                                            | Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы<br>Халықаралық білім беру корпорациясы (Мода, дизайн)            |
|                                                                     | 022 Гуманитарлық ғылымдар                           | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті<br>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Түркітану)     |
|                                                                     | 023 Тілдер мен әдебиет                              | Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті                                    |
|                                                                     |                                                     |                                                                                                                    |
| 6B03 -7M03 – 8D03<br>Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат | 031 Әлеуметтік ғылымдар                             | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті                                                                       |
|                                                                     | 032 Журналистика мен ақпарат                        | Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті                                                                 |
| 6B04 -7M04 – 8D04<br>Бизнес, басқару және құқық                     | 041 Бизнес және басқару                             | Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Аудит және салық салу)                                         |
|                                                                     |                                                     | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Менеджмент және басқару, әлемдік экономика)                          |
|                                                                     |                                                     | Нархоз университеті (Қаржы, банк және сақтандыру ісі, Маркетинг және жарнама, еңбек дағдылары, Экономика, бағалау) |
|                                                                     | 042 Құқық                                           | М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті                                                                       |

|                                                                                |                                                 |                                                                                                                                              |
|--------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6B05 -7M05 – 8D05<br>Жаратылыстану<br>ғылымдары, математика<br>және статистика | 051 Биологиялық және сабақтас<br>ғылымдар       | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті                                                                                                 |
|                                                                                | 052 Қоршаған орта                               | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті                                                                                                 |
|                                                                                | 053 Физикалық және химиялық<br>ғылымдар         | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті                                                                                                 |
|                                                                                | 054 Математика және статистика                  | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті                                                                                                 |
|                                                                                | 055 Геология                                    | Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық<br>зерттеу университеті                                                                          |
| 6B06 -7M06 – 8D06<br>Ақпараттық-<br>коммуникациялық<br>технологиялар           | 061 Ақпараттық-коммуникациялық<br>технологиялар | Халықаралық ақпараттық технологиялар<br>университеті                                                                                         |
|                                                                                | 062 Телекоммуникация                            | Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және<br>байланыс университеті                                                                          |
|                                                                                | 063 Ақпараттық қауіпсіздік                      | Халықаралық ақпараттық технологиялар<br>университеті                                                                                         |
| 6B07 -7M07 – 8D07<br>Инженерлік, өңдеу және<br>құрылыс салалары                | 071 Инженерлік және инженерлік іс               | Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық<br>зерттеу университеті (Электроника және автоматизация)                                         |
|                                                                                |                                                 | М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті<br>(Химиялық инженерия және процестер)                                                    |
|                                                                                |                                                 | Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және<br>байланыс университеті (Электротехника және энергетика,<br>Ғарыштық техника және технологиялар) |
|                                                                                |                                                 | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті<br>(Қоршаған ортаны қорғау технологиясы, нанотехнология және<br>материалтану)                   |
|                                                                                |                                                 | А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық<br>университеті (Механика және металл өңдеу)                                                        |

|                                               |           |                                                                  |                                                                                                       |
|-----------------------------------------------|-----------|------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                               |           |                                                                  | Ш. Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университеті (Теңіз техникасы және технологиясы) |
|                                               |           |                                                                  | Азаматтық авиация академиясы (Авиациялық техника және технологиялар)                                  |
|                                               |           |                                                                  | Логистика және көлік академиясы (Көлік, көлік техникасы және технологиялары)                          |
|                                               |           | 072 Өндірістік және өңдеу салалары                               | Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Мұнай-газ ісі)                      |
|                                               |           |                                                                  | А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті (Тау-кен және тау-кен өндірісі)                 |
|                                               |           |                                                                  | Қарағанды индустриялық университеті (Металлургия)                                                     |
|                                               |           |                                                                  | Алматы технологиялық университеті (Азық-түлік, тоқыма, киім, аяқ киім және былғары бұйымдарын өндіру) |
|                                               |           | 073 Архитектура және құрылыс                                     | Халықаралық білім беру корпорациясы                                                                   |
|                                               |           | 074 Су шаруашылығы                                               | М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті                                                      |
|                                               |           | 075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) | А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті                                                 |
| 6B08-7M08–8D08<br>шаруашылығы<br>биоресурстар | Ауыл және | 081 Агрономия                                                    | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |
|                                               |           | 082 Мал шаруашылығы                                              | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |
|                                               |           | 083 Орман шаруашылығы                                            | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |
|                                               |           | 084 Балық шаруашылығы                                            | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |
|                                               |           | 085 Жерге орналастыру                                            | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |
|                                               |           | 086 Су ресурстары және суды пайдалану                            | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |
|                                               |           | 087 Агроинженерия                                                | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |
| 6B09-7M09 – 8D09<br>Ветеринария               |           | 091 Ветеринария                                                  | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті                                                            |

|                                            |                                             |                                                                              |
|--------------------------------------------|---------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|
| 6B10 -7M10 –7R10- 8D09<br>Денсаулық сақтау | 101 Денсаулық сақтау                        | Астана медицина университеті                                                 |
| 6B11 -7M11 – 8D11<br>Қызметтер             | 111 Қызмет көрсету саласы                   | Қазақ спорт және туризм академиясы (Туризм)                                  |
|                                            |                                             | М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Мәдени-бос уақыт жұмысы) |
|                                            |                                             | Алматы технологиялық университеті (Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі)     |
|                                            | 112 Өндірістегі еңбекті қорғау және гигиена | А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті                        |
|                                            | 113 Көлік қызметтері                        | Логистика және көлік академиясы                                              |
|                                            | 114 Әлеуметтік жұмыс                        | Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті                           |
|                                            | 115 Спорт                                   | Қазақ спорт және туризм академиясы                                           |

**ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінде пәндер циклі және оқыту бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер**

|   |                                                                                                                                     |                                              |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|
| 1 | Жалпы білім беретін пәндер циклі бойынша                                                                                            | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті |
| 2 | Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды оқыту бойынша | Торайғыров Университеті                      |

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрінің  
2024 жылғы «8» тамызы № 408  
бұйрығына 3-қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық  
оқу-әдістемелік кеңесінің және кадрлар даярлау бағыттары бойынша  
оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ереже**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің және кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі – РОӘК) – кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің (бұдан әрі – ОӘБ) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысына басшылықты жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган.

3. РОӘК жұмыс органы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның құзыретіне жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелерін қарау кіреді.

4. РОӘК өз қызметін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. ОӘБ РОӘК консультативтік-атқарушы органы болып табылады.

6. ОӘБ негізгі міндеттері:

1) әлемдік білім беру кеңістігінде оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту стратегиясын қалыптастыруға қатысу;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын және ғылым мен жоғары білім беру саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, жұмыс берушілер қауымдастықтарының және өзге де мүдделі органдардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын

қамтамасыз ету және мазмұнын жетілдіру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл алаңын құру.

7. ОӘБ осы Ережеге 1-қосымшада көзделген ОӘБ құру үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) қойылатын өлшемшарттарға сәйкес ЖЖОКБҰ базасында құрылады.

8. ОӘБ заңды тұлға болып табылмайды, оның қызметі осы Ережемен реттеледі.

9. ОӘБ төрағасы ОӘБ жұмыс істейтін ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысы немесе ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысының орынбасары болып табылады.

ОӘБ өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік кеңестерді, комиссияларды және ОӘБ туралы ережеге сәйкес басқа да ұйымдық құрылымдарды дербес қалыптастырады.

10. ОӘБ құрамына кіретін ЖЖОКБҰ ОӘБ ұсынымдары мен хаттамалық шешімдерін іске асыруға қабылдайды.

## **2-тарау. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі қызметі**

11. РОӘК отырысын РОӘК төрағасы, ал ол болмаған жағдайда – РОӘК төрағасының орынбасары өткізеді. РОӘК отырыстарының жиілігі – жылына кемінде 2 рет болады.

12. РОӘК шешімдері отырыста құрамның кемінде үштен екісі болған кезде көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

13. РОӘК отырысы және ол қабылдаған шешімдер хаттамамен ресімделеді. РОӘК отырысының хаттамасына РОӘК-ге төрағалық етуші және хатшы қол қояды.

14. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы (бұдан әрі - ЖББДҰО) РОӘК отырыстарын өткізуге материалдар дайындауды ұйымдастырады және РОӘК шешімдерінің іске асырылуына мониторинг жүргізеді.

15. РОӘК қызметінің тақырыбына мыналар жатады:

1) кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысына басшылық жасау;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жәрдемдесу;

3) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау;

4) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлау бағыттарының сыныптауышына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды келісу;

5) инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша ұсыныстарды қарау және ұсынымдар дайындау;

6) қосымша білім берудің, педагог кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдар әзірлеу;

7) білім беру саласындағы, оның ішінде Еуропа Кеңесімен, Болон процесінің хатшылығымен, Болон процесінің міндетті, ұсынымдық және факультативтік параметрлерін орындау мәселелері бойынша Болон процесінің жұмыс тобымен халықаралық ынтымақтастықтың неғұрлым перспективалы және тиімді бағыттарын талдау және айқындау;

8) ЖЖОКБҰ-ның Болон декларациясы, Кредиттік оқыту технологиясы, академиялық ұтқырлық қағидаттарын, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету және кепілдік беру жүйесін енгізу және ілгерілету жөніндегі жұмысын үйлестіру;

9) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің халықаралық бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

10) ОӘБ-нің алдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын келісу;

11) осы Ережеде 2-қосымшада көзделген оқу жылындағы ОӘБ қызметі туралы есеп және оның тиімділігінің түйінді көрсеткіштері (KPI) негізінде ОӘБ қызметін талдау.

16. РОӘК:

1) жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттық және өзге де материалдарды ОӘБ-дан және (немесе) ЖЖОКБҰ-дан сұратады;

2) ЖЖОКБҰ-ның оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысын дамыту мәселелері, сондай-ақ оның құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды зерделеу және әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады;

3) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға қатысады;

4) РОӘК мүшелерін оның құрамынан шығарады.

### **3-тарау. Кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестік қызметі**

17. ОӘБ құрамына тиісті бағыт бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын барлық ЖЖОКБҰ өкілдері, жұмыс берушілердің, жұмыс берушілер қауымдастықтарының және өзге де мүдделі органдардың өкілдері кіреді.

ОӘБ мүшелеріне қойылатын өлшемшарттарды ОӘБ жұмыс істейтін ЖЖОКБҰ айқындайды.

18. ОӘБ құрылымын ОӘБ төрағасы бекітеді.

19. ОӘБ қызметінің бағыттары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдіру мақсатында ЖЖОКБҰ, жұмыс берушілер қауымдастықтары мен өзге де мүдделі органдар өкілдерінің өзара іс-қимылын жүзеге асыру;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын жетілдіру жөнінде ұсынымдар дайындау;

3) салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысу;

4) ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберлеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

5) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту жөнінде ұсынымдар дайындау;

6) оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

7) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжаттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысу;

8) ЖЖОКБҰ профессорлар-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруға қатысу;

9) ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

10) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) ЖЖОКБҰ-ның білім беру бағдарламаларына іске асырудың пайдалану параметрлерін (кадрлық, әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету) ескере отырып мониторинг жүргізу, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және одан алып тастау бойынша ұсынымдар әзірлеу;

11) кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК грифімен оқу басылымдарының тақырыптық жоспарларын қалыптастыру;

12) РОӘК грифін беруге ұсынылған оқу басылымдарына сараптама, рецензия жүргізу;

13) ЖЖОКБҰ-ның оқу процесінде оларды жариялау және пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін жаппай онлайн ашық курстарға сараптама жүргізу;

14) Ұлттық бірыңғай тестілеудің, талапкерлерді кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін айқындау жөнінде ұсынымдар қалыптастыру;

15) Қазақстан Республикасы ЖЖОКБҰ-да инклюзивті ортаны қалыптастыру бойынша ұсынымдар дайындау;

16) білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйесін құру бойынша халықаралық тәжірибеге талдау жүргізу және жалпылау;

17) оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер, вебинарлар, мастер-класстар, конференциялар өткізу.

20. ОӘБ қызметі оқу жылына жасалатын және ОӘБ мүшелерімен алдын ала келісім бойынша ОӘБ төрағасы бекітетін жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

21. ОӘБ осы Ереженің 19-тармағында көрсетілген қызмет бағыттарына сәйкес есепті жылы үшін есеп дайындайды.

22. ОӘБ осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес ағымдағы жылғы 1 қазаннан кешіктірмей ЖББДҰО -ға КРІ көрсете отырып, оқу жылы үшін есепті жібереді.

23. ОӘБ отырысын ОӘБ төрағасы, ал ол болмаған кезде ОӘБ төрағасының орынбасары өткізеді.

24. ОӘБ шешімдері отырыста құрамның үштен екісі болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

25. ОӘБ отырыстары және ол қабылдайтын шешімдер хаттамамен ресімделеді. ОӘБ отырыстарының хаттамаларына ОӘБ-ге төрағалық етуші және хатшы қол қояды. ОӘБ шешімінің көшірмелері ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға және ОӘБ құрамына кіретін ЖЖОКБҰ-ға жіберіледі.

26. ОӘБ отырыстарының материалдары ЖЖОКБҰ-ның ресми сайтында орналастырылады, оның негізінде ОӘБ жұмыс істейді.

27. ОӘБ-нің ағымдағы ұйымдастыру жұмысын, құжаттамасын және іс қағаздарын жүргізуді ОӘБ хатшысы жүзеге асырады.

28. ОӘБ хатшысы отырыстар өткізуді ұйымдастырады, ОӘБ мүшелері үшін ақпараттық-технологиялық алаңды, оның ішінде ОӘБ мүшелері мен ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган арасындағы өзара іс-қимылды қолдауды қамтамасыз етеді.

29. ОӘБ ОӘБ-ға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ-дан қажетті ақпараттық және өзге де материалдарды сұратуға және алуға, ЖЖОКБҰ-ның оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметін жетілдіру бойынша, сондай-ақ оның құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды зерделеу және әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады.

30. ОӘБ мүшелері:

1) ОӘБ отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) ОӘБ шешімдерін қабылдауға қатысады.

31. ОӘБ қанағаттанарлықсыз жұмыс істеген және (немесе) осы Ережеге 2-қосымшада көзделген қызмет нәтижелерінің түйінді көрсеткіштеріне (KPI) сәйкес келмеген жағдайда ОӘБ осы Ереженің 7-тармағына сәйкес басқа ЖЖОКБҰ-ға беріледі.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің және кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ережеге 1-қосымша

**«Кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестік»  
мәртебесіне үміткер ЖЖОКБҰ-ға қойылатын өлшемшарттар**

ЖЖОКБҰ атауы \_\_\_\_\_  
Кадрларды даярлау бағыты бойынша ОӘБ \_\_\_\_\_

| №   | Өлшемшарттардың атауы                                                                                                                                                                                                 | Растайтын құжаттар |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| 1   | Тиісті бағыттағы кадрларды даярлаудың барлық деңгейлері бойынша білім беру қызметіне лицензияның және оған қосымшалардың болуы (лицензияның нөмірін, берілген күнін, құжатқа сілтемені көрсету)                       |                    |
| 2   | Даярлық бейіні бойынша штаттық профессорлар-оқытушылар құрамының саны (жалпы саны)                                                                                                                                    |                    |
| 2.1 | оның ішінде ғылым докторлары (адам саны)                                                                                                                                                                              |                    |
| 2.2 | оның ішінде ғылым кандидаттары , PhD (адам саны)                                                                                                                                                                      |                    |
| 2.3 | оның ішінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өнер, сәулет және спорт саласындағы құрметті атаққа ие болғандар (ОӘБ бағыты бойынша адамдар саны) |                    |
| 3   | кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушылар контингенті (жалпы саны), оның ішінде:                                                                                                                                |                    |
| 3.1 | бакалавриат (білім алушылар саны)                                                                                                                                                                                     |                    |
| 3.2 | магистратура (білім алушылар саны)                                                                                                                                                                                    |                    |
| 3.3 | докторантура (білім алушылар саны)                                                                                                                                                                                    |                    |
| 4   | Ағымдағы жылдың түлектерін кадрлар даярлаудың барлық деңгейлері бойынша, оның ішінде білім деңгейлері бойынша жұмысқа орналастыру:                                                                                    |                    |
| 4.1 | бакалавриат (жұмысқа орналастырылған түлектер саны)                                                                                                                                                                   |                    |
| 4.2 | магистратура (жұмысқа орналастырылған түлектер саны)                                                                                                                                                                  |                    |
| 4.3 | докторантура (жұмысқа орналастырылған түлектер саны)                                                                                                                                                                  |                    |
| 5   | Халықаралық институционалдық аккредиттеудің болуы                                                                                                                                                                     |                    |
| 6   | Кадрларды даярлау бағыты бойынша халықаралық бағдарламалық аккредиттеудің болуы                                                                                                                                       |                    |

|     |                                                                                                                                                              |  |  |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| 6.1 | ББ атауы және аккредиттеу агенттігінің атауы, сертификат, аккредиттеу мерзімі                                                                                |  |  |
| 7   | Пәндік сала бойынша QS рейтингінің көрсеткіштері (бейіні бойынша)                                                                                            |  |  |
| 8   | ҒЖБМ өтінімі бойынша жүргізілетін рейтингте кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының позициясы (ББ атауы мен рейтингтегі орнын көрсету) |  |  |
| 9   | Ағымдағы оқу жылына сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың саны                                                                  |  |  |
| 10  | Ағымдағы оқу жылына дайындық бейіні бойынша оқу процесіне тартылған шетелдік оқытушылардың саны                                                              |  |  |
| 11  | Ағымдағы оқу жылына дайындық бейіні бойынша өндірістен тартылған практиктердің саны                                                                          |  |  |
| 12  | Жұмыс берушілердің қолдауымен құрылған оқу, ғылыми зертханалар саны                                                                                          |  |  |
| 13  | Кадрларды даярлау бағыты бойынша индустриялық комитеттің, салалық кеңестің ЖЖОКБҰ базасында жұмыс істеуі                                                     |  |  |
| 14  | ЖЖОКБҰ білім алушылары үшін әлеуметтік әріптестер ұсынған ақылы жұмыс орындарының саны (дуальды оқыту кезінде, практикадан өту кезеңіне және т. б.)          |  |  |
| 15  | Әлемдік рейтингтерде ТОП-700-ге кіретін шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп іске асырылатын бірлескен ББ, қос дипломды ББ саны                          |  |  |
| 16  | Тиісті еңбек нарығының өзекті тақырыптары бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және (немесе) қайта біліктілігін арттыру курстарын іске асыру              |  |  |

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің және кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ережеге 2-қосымша

**Оқу-әдістемелік бірлестігі қызметі нәтижелерінің түйінді көрсеткіштері (KPI)**

ЖЖОКБҰ атауы \_\_\_\_\_  
Кадрларды даярлау бағыты бойынша ОӘБ \_\_\_\_\_

| № | Өнімділік көрсеткіштері                                                                                                                                                  | Максималды балл | ЖЖОКБҰ балы |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|-------------|
| 1 | ОӘБ жұмыс жоспарын бекіту                                                                                                                                                | 5               |             |
| 2 | ОӘБ сапалы құрамы:                                                                                                                                                       |                 |             |
|   | ЖЖОКБҰ өкілдері                                                                                                                                                          | 1               |             |
|   | жұмыс берушілер                                                                                                                                                          | 1               |             |
|   | үкіметтік емес ұйымдар                                                                                                                                                   | 1               |             |
|   | кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары мен бейіндері бойынша шетелдік әріптестер                                                                                            | 2               |             |
| 3 | Стейкхолдерлер мен шетелдік әріптестерді тарта отырып, ОӘБ отырыстарын өткізу:                                                                                           |                 |             |
|   | бекітілген жоспарға сәйкес                                                                                                                                               | 1               |             |
|   | ОӘБ кеңейтілген отырысы                                                                                                                                                  | 1               |             |
|   | ОӘБ отырысының өзекті тақырыптары                                                                                                                                        | 1               |             |
|   | шетелдік әріптестерді тарту (ОӘБ мүшелері емес)                                                                                                                          | 2               |             |
|   | ірі компанияларды, бизнес-қауымдастықтарды және т. б. стейкхолдерлерді тарту (ОӘБ мүшелері емес)                                                                         | 2               |             |
| 4 | Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарына байланысты экономикалық қызмет түрлері бойынша салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысу: |                 |             |
|   | 3 құжатқа дейін                                                                                                                                                          | 3               |             |
|   | 3-4 құжаттар                                                                                                                                                             | 4               |             |
|   | 5 және одан көп құжаттар                                                                                                                                                 | 5               |             |
| 5 | ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы НҚА мен өзге де құжаттарды әзірлеуге және сараптауға ОӘБ-нің қатысуы:                                                             |                 |             |
|   | 3 құжатқа дейін                                                                                                                                                          | 3               |             |
|   | 3-4 құжаттар                                                                                                                                                             | 4               |             |
|   | 5 және одан көп құжаттар                                                                                                                                                 | 5               |             |

|    |                                                                                                                                                                                                                      |    |  |  |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|--|
| 6  | Білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу, жетілдіру және талдау бойынша ұсынымдар әзірлеуге қатысу                                                                                                                    |    |  |  |
|    | 10 –нан аз ББ                                                                                                                                                                                                        | 5  |  |  |
|    | 11-20 ББ                                                                                                                                                                                                             | 7  |  |  |
|    | 21 және одан да көп ББ                                                                                                                                                                                               | 9  |  |  |
| 7  | Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша оқулықтармен, оқу құралдармен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу                                                                |    |  |  |
|    | барлық ЖЖОКБҰ                                                                                                                                                                                                        | 15 |  |  |
|    | бірнеше ЖЖОКБҰ                                                                                                                                                                                                       | 5  |  |  |
| 8  | ОӘБ қабылданатын хаттамалық шешімдерінің тиімділігі және оларды ОӘБ-ге мүше жоғары оқу орындарының білім беру процесіне енгізу:                                                                                      |    |  |  |
|    | барлық хаттамалар бойынша жауаптардың болуы                                                                                                                                                                          | 5  |  |  |
|    | барлық хаттамалар бойынша бірнеше ЖЖОКБҰ жауаптардың болуы                                                                                                                                                           | 3  |  |  |
| 9  | Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын жетілдіру мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу: |    |  |  |
|    | 2 іс-шарадан көп емес                                                                                                                                                                                                | 5  |  |  |
|    | 3-4 іс-шаралар                                                                                                                                                                                                       | 10 |  |  |
|    | 5 және одан көп іс-шаралар                                                                                                                                                                                           | 15 |  |  |
| 10 | Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша ОӘБ қарауына келіп түскен оқу-әдістемелік материалдарға сараптама жүргізу (сараптама саны):                                                                   |    |  |  |
|    | 5 сараптамаға дейін                                                                                                                                                                                                  | 5  |  |  |
|    | 6-10 сараптама                                                                                                                                                                                                       | 10 |  |  |
|    | 10-15 сараптама                                                                                                                                                                                                      | 15 |  |  |
|    | 16 және одан көп сараптама                                                                                                                                                                                           | 20 |  |  |
| 11 | Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша (бейіні бойынша) білім беру процесіне халықаралық жобалардың, ғылыми қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін енгізу                                              |    |  |  |
|    | 1 енгізілген акт                                                                                                                                                                                                     | 5  |  |  |
|    | 2-4 енгізу актілері                                                                                                                                                                                                  | 10 |  |  |
|    | 5 және одан да көп актілер                                                                                                                                                                                           | 15 |  |  |
| 12 | Жетекшілік ететін мәселелер бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының жаңа білім беру бағдарламалары мен инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу бойынша мониторингі                |    |  |  |
|    | барлық ЖЖОКБҰ бойынша                                                                                                                                                                                                | 20 |  |  |
|    | бірнеше ЖЖОКБҰ бойынша                                                                                                                                                                                               | 5  |  |  |

|    |                                                                                                      |   |  |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|
| 13 | Оқу жылындағы жұмыс жоспарын орындау бойынша<br>ОӘБ есебінің толықтығын растайтын<br>материалдармен: |   |  |
|    | ЖББДҰО-ға уақытылы есепті ұсыну                                                                      | 5 |  |
|    | базалық ЖЖОКБҰ сайтында есепке сілтеменің<br>болуы                                                   | 5 |  |
|    | есептің құрылымы осы Ереженің 21-тармағына<br>сәйкес келеді                                          | 5 |  |
|    | есепте өткізілген іс-шараларға сілтемелердің болуы                                                   | 5 |  |